

Сабақтың тақырыбы: **Есептерді әртүрлі тәсілмен шығару**

Мақсаты: *Оқушылар алған білімдерін тиянақтап, жүйелеп, нысықтап, қорытындылайды*

Күтілетін нәтиже;*Математикалық сөйлеу тілдерін дамиды, практикалық дағдыларын, логикалық және шығармашылық қабілеттерін тапсырмаларды орындау арқылы жетіледі.*

Әдісі: сұрақ – жауап, жұппен, топпен жұмыс.

Сабақ түрі: *Бекіту, дамыту, нысықтау*

Көрнекі құралдар: ұнтаспа, ертегі кейіпкерлері, ноутбук, дәптер, оқулық, үлестірмелі қағаздар.

Ұйымдастыру сәті: 1) Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

2) Психологиялық ахуал

3) Үй тапсырмасы

4) Жаңа тақырып

5) Қызығушылық ояту (Ертегілер әлеміне саяхат)

6) Сергіту сәті

7) Жұппен, топпен жұмыс

8) Қорытынды



Психологиялық ахуал

Бір, екі, үш.

Болсын сынып тып-тыныш.

Қайырлы күн достым!

-Қайырлы күн болсын

Жұманың күні

-Сәттілікке толсын

Мақсатымыз

-Білім алу

Міндетіміз

- Еңбек ету.



Үй тапсырмасын тексеру
Кресттіктер мен нәлдіктер



ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

“Бауырсақ” ертегісіне саяхат.

-Балалар бүгін біз “Бауырсақ” ертегісіндегі саяхатта ертегі кейіпкерлерінің тапсырмаларын орындату арқылы бауырсақты құтқарамыз.

-Ендеше дайынбыз ба?





Қоянның тапсырмасы


Болғаны

1000 теңге

800 теңге

700 теңге

Сатып алды



80 теңгеден

90 теңгеден

60 теңгеден

Қалғаны – ?



Қасқырдың тапсырмасы

2. Әр өрнекті есептеудің тиімді тәсілін тап.

$$(6 + 4) \cdot 30$$

$$(8 + 2) \cdot 50$$

$$4 \cdot (30 + 20)$$

$$(60 + 40) \cdot 5$$

$$(70 + 30) \cdot 8$$


$$20 \cdot (8 + 2)$$

$$(90 + 10) \cdot 7$$

$$(20 + 30) \cdot 5$$


$$20 \cdot (10 + 40)$$

3. Қабырғалары 2 см және 4 см, 1 см және 7 см тіктөртбұрыш сыз. Бұл тіктөртбұрыштардың периметрін әртүрлі тәсілмен тап.



СЕРГИТУ СӘТІ

Орнымыздан тұрайық,
Қолды белге қояйық,
Басты оңға бұрайық,
Басты солға бұрайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Бір отырып
Бір тұрып
Біз демалып қалайық!



Аюдың тапсырмасы

I топ : Саяхатқа шығатын туристік топ құрылды.

Әр топқа 10 бала және 20 ересек адам жазылды.

Барлығы 9 топ болды. Саяхатқа қанша адам барады?



II топ : Дүкенде күніне 50 бөлке ақ нан және 20 бөлке қара нан сатылады. Бір аптада барлығы қанша бөлке нан сатылады?

Түлкінің тапсырмасы

6. Есепте.

$658 + 174$

$1000 - 65$

$574 + 254$


$789 - 654$

$217 + 361$

$456 - 321$

$237 + 343$


$789 - 98$



7. Фигуралар теңдей неше бөлікке бөлінді? Фигуралардың қандай бөлігі боялған?



РАХМЕТ



Рефлексия

Сандық диктант

-Үздік оқушының сүйікті бағасын апта күндерінің санына көбейт

-Білім сөзіндегі дыбыстар санын 3 есе арттыр

-Оқушыларды бағалау:



Үйге тапсырма

№5 31 бет

